

Кәсіпорындағы дебиторлармен
және кредиторлармен есеп
айырысу есебі

- Кәсіпорындар мен ұйымдардың басқа заңды немесе жеке тұлғалардан оларға сатқан тауарлары, көрсеткен қызметтері, сондай-ақ аванс ретінде алдын-ала төленген төлемдері үшін алашақ борыштары- дебиторлық борыштар, яғни алынуға тиісті шоттар деп аталады.
- Осы кәсіпорындар мен ұйымдарға берешек борышы бар заңды және жеке тұлғалар дебитор болып табылады.Өтелетін уақытына қарай алынуға тиісті дебиторлық борыштар және ұзақ мерзімді алынуға тиісті борыштар болып екіге бөлінеді.Есеп беретін уақытынан кейінгі бір жыл ішінде алынатын дебиторлық берешектер ағымдағы активтер қатарында есептелінеді.
- Ұйымның қаржы жағдайын сипаттайтын көрсеткіштердің қатарына дебиторлық борыштардың айналымы жатады.Яғни дебиторлық борыштардың есептелген уақыты мен өтелу уақытының арасындағы мерзім күндерінің саны.Ұйымның дебиторлық борышы оған байланысты кіріс танылған жағдайда ғана анықталады.

- Дебиторлармен есеп айырсу есебі шот жоспардың «Дебитордың берешек және басқа да активтер» деп аталатын активтік шотта жүргізіледі. Осы активтік шот төмендегідей бөлімшелерден тұрады:
- 1210 -«Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегі»
- 1290- «Күмәнді талаптар бойынша резерв»
- 1220-«Еншілес ұйымдардың қысқа мерзімді берешегі»
- 1280-«Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек»
- 1620-«Алдағы кезең шығыстары»
- 1610-«Берілген қысқа мерзімді аванстар»
- Дебиторлық борыштар шоттарында есептелетін сомалардың дұрыстығы мен толықтылығын есептеу үшін түгендей жүргізілуі қажет , ол құжаттар бойынша шоттарды корреспонденцияланатын шоттармен салыстыру арқылы жүргізіледі.

Дебиторлық борыштар есебінің түсінігі

- Кәсіпорынның дебиторлық борышының болуы кәсіпорын қаражатының тікелей көзделген мақсаттан басқа мақсатқа жұмсалғандығы ретінде, демек, кәсіпорын жұмысындағы елеулі кемшілік ретінде қаралады.
- Бухгалтерлік есеп бойынша ұлттық комиссияның 13.11.96 ж. № 2 “Концептуалды негізде қаржылық есептерді дайындау және тапсыру туралы” Жарғысында “дебиторлық борыш заңдық құқықтарымен қоса, иелік ету құқығымен байланысты актив болып табылады” делінген.
- Жалпы актив ұғымымен мүлік, мүліктік немесе мүліктік емес игліктер және құндық бағаға ие тұлғаның құқықтары түсінділеріледі. Актив түріндегі болашақ экономикалық пайда – бұл тұлғаның ақшалай құрал-жабдықтарының айналымына салынған потенциалды тікелей немесе жанама салым.
- Осыдан шығатыны, дебиторлық борыш – бұл заңдық құқықтарымен қоса, иелік ету құқығымен байланысты актив түріндегі болашақ экономикалық пайда.
- 1997 ж. қабылданған Бухгалтерлік есеп шоттарының бас жоспарының 3-бөлімі қаржылық-шаруашылық жүргізуші субъектілердің дебиторлық борыштарына арналған.

□ Дебиторлық қарыздар және оның түрлері

- Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламаларымен қатар өтімділігі жоғары болып саналатын активтің тағы бір түрі ол дебиторлық борыштар және алынуға тиісті вексельдер болып табылады. Алынуға тиісті шоттар өз құрамына тауарлар, ақша қаражаттары, қызмет көрсетулерді қосады. Дебиторлық борыштар төлену мерзіміне байланысты қысқа және ұзақ мерзімді болады. Дебиторлық борыштар шот фактурамен расталады. Алынуға тиісті вексельдер ресми ұзақ міндеттемелермен расталады.
- Сатуға арналған дебиторлық борыштар – бұл кәсіпорын қызметінің нәтижесінде тауар және қызмет көрсету үшін сатып алушылардың төлейтін міндеттемесі. Саудаға арналмаған дебиторлық борыштар қатарына:
 - -«Шығындарды жабуға арналған депозиттер»
 - -«Жұмысшылардың дебиторлық борыштары»
 - -«Алынуға тиісті дивиденттер және пайыздар»

САТЫП АЛУШЫЛАР МЕН ТАПСЫРУШЫЛАРДЫҢ БОРЫШЫНЫҢ ЕСЕБИ

- **Өтелген уақытына қарай алынуға тиісті дебиторлық борыштар және ұзақ мерзімге алынуға тиісті борыштар деп 2-ге бөлінеді..**
- **Есеп беретін уақыттан кейінгі бір жылдың ішінде алынатын дебиторлық борыштар ағымдағы активтер қорында есептелінеді.Олардың қатарына жатады:**
- **1)Ағымдағы активтерді сатып алуға төленген аванстық төлмдер**
- **2)Тапсырылған шоттар бойынша алынуға тиісті борыштар.**
- **3)Негізгі ұйымдар мен олардың еншілес серіктестігі**
- **4)Вексельдер бойынша алынуға тиісті борыштар**
- **5)Ұйымдардың лауазымды адамдарының дебиторлық борышы**
- **6)Басқа да дебиторлық борыштар**
- **Дебиторлық борыштар сатылған өнімдер мен тауарлардың құнына баға және ақша жеңілдіктерін және қайтарылған тауарлардың құнын алып тастағандағы қалдық сома бойынша есептелінеді,бухгалтерлік балансқа есепке алынады.**
- **Дебиторлық борышта 1210-ағымдағы,2110-ұзақ мерзімді активті шоттарында есепке алынады, дебетінде –сатып алушылардың және тапсырыс берушілерді қарыз сомасы,кредитінде – өтелген дебиторлық борыштық сомасы.**
- **6030 активті шотында сатушы кәсіпорынның сатып алушыларға берген ақша және баға жеңілдіктері есепке алынады.Дебетінде берілген жеңілдіктер сомасы,кредитінде берілген жеңілдікерді кәсіпорынның зиянына жатқызған сомалары.**

□

□

□

Күмәнді дебиторлық борыштар және күмәнді қарыздарды бағалау әдісі

Компанияның төлем қабілеттілігі қандай болғанмен өзара ол шығарған тауарларды сатып алуға қызығушылық танытатындар көп болады. Бірақ кейбір кезде тауарлар немесе алып уақытысымен төлей алмайтын да тұтынушылар болады. Бұл кезде мұндай сатып алушылардың шоттары күмәнді шоттар немесе күмәнді қарыздар деп аталады.

Сатып алушыларға несие беру барысында компания белгілі бір мақсатта болашаққа ұсынған тауары үшін толық кепілді ақша алуға қол жеткізу үшін саясат құрады.

Егер күмәнді дебиторлық борыштар көрініс тапса олар күмәнді дебиторлық борыштар шоттарында міндетті түрде көрініс табуы керек. Табыстың азаюы және өзара шығынның көбеюі шығын есебі бойынша күмәнді қарыздар, яғни операциялық қызметтің шығыны делінеді.

Алынуға тиісті күмәнді шоттардың есебі кезінде уақыт анықталуы керек, онда өзара зиян анықталады. Екі негізгі әдіс қолданылады:

1. Тура есептен шығару әдісі.

Шоттың күмәнді шот екендігі анықталмағанша бұл әдіс бойынша ешқандай жазулар жүргізілмейді. Зиян былай көрініс табады:

Дебет «Күмәнді қарыздар бойынша шығын»

Кредит «Алынуға тиісті шоттар»

2. Бағалық резерв әдісі

Күмәнді қарыздар бойынша зиян пайда болған сатулармен салыстырылып қойылады. Бұл әдіс бойынша күтілетін күмәнді қарыздар шоттарының соммасы дебиторлық борышта көрініс табады. Бұл есеп соммасы шығын ретінде танылады және есептердің жанама азаюы шоттар арту арқылы жүзеге асады. Баланстағы дебиторлық борыштар таза күйінде, ал күмәнді шоттар бойынша бағаланған резерв соммасы қаржылық есептілікке айқын көрініс табады.

Есеп беруге тиісті тұлғалардың дебиторлық борышының есебі

- 1250 шотында есеп беруге тиісті тұлғалардың дебиторлық борышы есепке алынады. Дебетінде есеп беруге тиісті тұлғаларға берілген сомалар, кредитінде өтелген сомалар. Бұл шотта жұмысшылар басқа да тұлғаларға аванс ретінде қызметтегі іс-сапарлары үшін және басқа да шығындары үшін берілген сомалар, сонымен қатар жұмысшылар мен қызметкерлерден олардың кәсіпорынға тигізген зияндары үшін ұсталатын сомалар есептеледі.
- Есеп беруге тиісті тұлғаларға іс-сапарға баруы үшін берілген сомалар келесі мөлшерде есептен шығарылады:
 - 1. Жол ақысы - жол жүру билеттері болған жағдайда екі жаққа да
 - 2. проживание-растайтын құжаттар болғанда
 - 3. суточное – күнделікті шығындар – алты айлық есептік көрсеткішке дейін
- Есеп беруге тиісті тұлғалар іс-сапарға барып келген соң кәсіпорын бухгалтериясына іс-сапарға барған куәлігін аванстық есеп беруін тапсыруы қажет. 1250 шоты бойынша синтетикалық есебі журнал-ордер №7 жүргізіледі, ол келесіден тұрады:
 - а) журнал – ордер онда кредиттік айналымдар жазылады
 - б) Ведомость - онда дебеттік айналымдар
 - Кредиторлық берешек аудитінің мазмұны және жіктелуі.
Кредиторлық берешек аудитінің мазмұны.
 - Кредиторлық берешек – кәсіпорынның басқа заңды немесе жеке тұлғаларға міндеттемелері.
Пайда болу сипатына қарай кредиторлық берешек қалыпты және ақталмаған болып бөлінеді.

- Қалыпты кредиторлық берешек пен кәсіпорынның бизнес-жоспарын орындау барысына, сондай-ақ есеп айрысудың іс жүзіндегі формалармен байланысты.

Бұларға төлеу мерзімі келмеген акцептелген есеп-қисап құжаттары бойынша жабдықтаушыларға берешек және бюджетке төлемдері өтіп кеткен берешек және т.б.

Ақталмаған кредиторлық берешек болып бюджетпен есеп айрысу бойынша – қаржы органдарына, еңбекті өтеу бойынша – кәсіпорын қызметкерлеріне, мерзімінде төленбеген есеп-қисап құжаттары бойынша – жабдықтаушыларға және т.б. мерзімі өткен берешектер саналады.

Кредиторлық берешектерді тексерудің басты міндеттері мыналар:

Төлем тәртібін сақтауды тексеру.

- Есептеуде қолданылатын бағаның, тарифтің және басқа құнды көрсеткіштердің негізділігін тексеру.
- Кредиторлық берешек сомасының шынайылығын тексеру.
- Есептеулерді реттеу мен кредиторлық берешекті азайту жөніндегі ұсыныстарды дайындау.
- Кредиторлармен есеп айрысу жағдайын бақылауды ұйымдастыру келісім-шарттық және есептік тәртіптің нығаюына тапсырылған ассортиментте және төлемдік тәртіпті сақтау үшін жауапкершілікті арттыру сапасымен өнімді жеткізу жөніндегі міндеттемелерді орындауға, кредиторлық берешекті қысқартуға және соған орай шаруашылық жүргізуші субъектінің қаржылық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

- Кредиторлық берешектің есепті кезеңнің басы мен аяғындағы жағдайы баланста мынадай баптардың қалдықтарымен сипатталады:
Төленуге тиісті шоттар мен вексельдер.
- Алынған аванстар.
- Салықтар бойынша берешек.
- Төленуге тиісті дивидендтер.
- Негізгі компания мен еншілес ұйымдар арасындағы топ ішіндегі операциялар бойынша берешек.
- Акционерлік қоғамның лауазымды адамдарына берешек.
Басқадай кредиторлық берешек.


Дебиторлармен жүргізілетін операциялардың жалпы сипаттамасы

- ▣ Шаруашылық операциялар мен жалақы төлеу бойынша дебиторлармен жүргізілетін операциялар есебі келесідей қызметтермен жүзеге асырылады:

франт-офисімен;

бэк-офисімен;

ұлттық банктің бухгалтерлік есеп
департаментінің бас
бухгалтериясымен.



Франт-офис – әкімшілік-шаруашылық операциясын жүргізетін Ұлттық банктің орталық аппаратының немесе филиалының бөлімшесі, және Ұлттық банк жұмысшыларымен жалақы бойынша қаржылық есеп айырысуды жүргізетін Ұлттық банктің орталық аппаратының бөлімшесі.

Ұлттық банктің бәк-офисі – көмекші бухгалтерлік есеп жүргізетін операциялық басқармасы.

Бас бухгалтерия – Ұлттық банктің Бас бухгалтерлік кітабы деңгейінде дебиторлармен және кредиторлармен жүргізілген операциялардың дұрыс көрсетілуін бақылайтын Ұлттық банктің бухгалтерлік есеп департаментінің бөлімшесі.

Кредиторлық берешек аудитінің жіктелуі

- Кредиторлық берешектер - өткен мәмілелердің немесе өткен оқиғалардың нәтижесі. Олар ұзақ мерзімді және ағымдағы болып жіктеледі. Ұзақ мерзімді міндеттемелерге мыналар жатады: банктердің ұзақ мерзімді қарыздары;
- банктен тыс ұзақ мерзімді қарыздар;
- мерзімі шегерілген корпоративтік табыс салығы.
- Қалдықтардың жыл басы мен соңындағы «Басқадай кредиторлық берешек» баланстық бабы бойынша анық сенімділігін анықтауға баса назар аударған жөн. Сонымен бірге оларды Бас кітапта көрсетілген 3350 «Еңбекақы төйлеу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек», 3360 «Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек», 3380 «Төлеуге қысқа мерзімді сыйақылар», 3390 «Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек шоттар бойынша жиынтық қалдықтармен, сондай-ақ 9 журнал-ордердің 3350, 3360, 3380, 3390 шот кредиттері бойынша мәліметтермен салыстыру қажет.

Басқа да кредиторлық қарыздар мен есептелген төлемдер есебі

- Жалдық міндеттемелердің есебі
- Бұл міндеттемелер есебі 3390 «Жалдық міндеттеме» деп аталатын шотта жүргізіледі. Бұл шотта негізінен пассивті есеп айырысу шоты болып табылады. Шоттың кредиті бойынша жалға алушы ұйымның негізгі құрал-жабдықтарды ұзақ мерзімге жалға алғаны үшін жалға беруші кәсіпорынға қарызы көрініс табады. Ал «Жабдық міндеттеме» деп аталтын шоттың дебиті бойынша негізгі құралдарды жалға беруші кәсіпорынға жалдық міндеттеме бойынша қарыздың төленуі көрсетіледі. Бұл шотта талдамалық есеп әрбір жалдық міндеттеме бойынша бөлек жүргізіледі.
- Төленуге тиісті сыйақы есебі
- Алынған несие, жалдық келісімшарт және шығарылған бағалы қағаздар бойынша төленуге тиісті пайыздардың есебі 3380, 4160 «Төленуге тиісті сыйақы» деп аталтын шотта жүргізіледі. Төленуге тиісті пайыздардың барлық түрлерін есептеген кезде:
- Дт: 7310 «Есептелген сыйақы бойынша шығындар шоты» шоты;
- Кт: 3380, 4160, 7310 «Төленуге тиісті сыйақы» шоты түріндегі бухгалтерлік жазуы жазылады.
- Есеп айырысу шотынан есептелген пайыздар сомасы төленегн кезде:
- Дт: 3380, 4160, 7310 «Төленуге тиісті сыйақы» шоты;
- Кт: 1030 «Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаты» деп аталатын шот түріндегі екі жақты жазу жазылады.
- Жинақтаушы зейнетақы қорымен есеп айырысудың есебі
- Зейнетақы қорымен есеп айырысулар есебі «Жинақтаушы зейнетақы қорымен есеп айырысу» деп аталтын шотта жүргізіледі. Меншік нысанына қарамастан барлық кәсіпорындар мен ұйымдар, сондай-ақ жеке кәсіпкерлікпен айналысатын заңды тұлғалар шарттар бойынша жұмысшы жалдайтын тұлғалар, зейнетақы қорынан жарналар аударып тұруға міндетті. Зейнетақы қорына белгіленген мерзімінде жарна төленбеген жағдайларда есептелмейді.
- Зейнетақы бойынша жарналар соамыс есептеген уақытта кәсіпорынның бухгалтериясында мына түрдегі екі жақты жазу жазылады:
- Дт: 3350 «Қызметкерлер мен еңбекақы бойынша есеп айырысу» деп аталатын шоты;
- Кт: 3220 «Зейнетақы мен қамтамасыз ету қорымен есеп айырысу» деп аталатын шоты.
- Ал бұл соманы кәсіпорын тиісті қорға аударған уақытта:
- Дт: 3220 «Зейнетақы мен қамтамасыз ету қорымен есеп айырысу» деп аталатын шот,
- Кт: 1030 «Ақшалар» шоты түріндегі бухгалтерлік жазу жазылады.

Қорытынды

Қорыта келгенде бұл курстық жұмыстың мақсаты «Кәсіпорындағы дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысу есебі» осы тақырыпты қарастыра отырып дебиторлық берешекті есептен шығару баланыстан шығаруға дебитордың 180 күннен жоғары уақыт аралығында қарызды өтеуді кешіктірумен байланысты әкімшілік – шаруашылық қызмет бойынша үмітсіз дебиторлық берешегі сонымен қатар өтелу мерзімі айтылмаса да, банк баланысында 180 күннен артық есепте тұрған дебиторлық борыштар жатады.

Дебиторлық борышты есептеудегі басты мәселе сату мерзімін анықтау болып табылады, яғни сатып алушыларға тиеліп жіберілген немесе жөнелтілген тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) қашан сатылғанын тануында. Бухгалтерлік есептің көзқарасымен қарағанда тауарларды тиелуі мен сатып алушыға қаржылық және есеп айырысу құжаттарының ұсынылуы, тауарлардың сатылғандығы деп танылад. Яғни осы жоғарыда айтылған баптар бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың басқа заңды немесе жеке тұлғалардан алашақ сомалары дебиторлық борыш болып табылады. Дебиторлық берешек – сатып алушылардың немесе тапсырыс берушілердің шаруашылық жүргізуші субъект алдындағы өткізілген тауар үшін ақша төлеу бойынша міндеттемелері. Қорыта келгенде, басқа да кредиторлық қарыздар мен есептесулердің есебі мына шоттарда жүргізіледі: 3350, 4150, 4160, 3360, 4250, 4230. Несие берудің басқа түрлері 4030 «Басқа да несиелер» шотында есебі жүргізіледі. 4030-шотында кәсіпорынның еңбеккерлері үшін банкіден алынған несиесі, шығарылған облигациясы, тауарлары (жұмыстары мен қызметтері) және берілген вексельдері есепке алынады. Кәсіпорын өз өндірісінің тиімді және ырғақты жұмысын қамтамасыз ету үшін өзінің материалдық-техникалық базасын жасайды, яғни өндіріске қажет қорларын құрайды. Кәсіпорынды жабдықтау экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларына сәйкес жүргізіледі. Кәсіпорын өзінің ұдайы өндірісін қамтамасыз ету үшін өнім шығарушы кәсіпорындармен немесе делдалдық ұйымдармен келісімшартқа отырады..